Әділет

# Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана), аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттері және облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала), кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі орынбасарларының шекті саны туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

*Ескерту. Тақырып өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.12.09. N* 1292 *қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттері белгіленсін және облыс ( республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі орынбасарларының шекті саны анықталсын.

2. 2-қосымшаға сәйкес аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттері белгіленсін және аудан (облыстық маңызы бар қала), кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі орынбасарларының шекті саны анықталсын. < * >

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.09. N* 1292 *қаулысымен.*

3. Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың әкімдеріне республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың қызметкерлері санының қолданылып жүрген нормативтерін басшылыққа ала отырып, әкімияттардың қызметкерлері санының нормативтерін әзірлеу ұсынылсын.

4. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 21 шілдедегі
N 985 қаулысына
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.05. N* 275 *, 2002.12.13. N* 1311 *, 1-қосымша жаңа редакцияда - 2003.01.31. N* 115 *, (2002 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енеді), 1-қосымша өзгерді - 2003.03.14. N* 246 *, 2003.07.25. N* 747 *, 2003.08.06. N* 784 *, 2004.12.09. N* 1292 *қаулыларымен.*

**Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттері және облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі орынбасарларының шекті саны <*>**

| Облыс | Әкімдер аппараттарының саны (бірлік) | Оның ішінде әкімнің орынбасарлары (бірлік) |
|---|---|---|
| Ақмола | 71 | 4 |
| Ақтөбе | 68 | 4 |
| Алматы | 78 | 4 |
| Атырау | 57 | 5 |
| Батыс Қазақстан | 66 | 4 |
| Жамбыл | 72 | 4 |
| Қарағанды | 78 | 4 |
| Қостанай | 73 | 4 |
| Қызылорда | 63 | 4 |
| Маңғыстау | 48 | 4 |
| Оңтүстік Қазақстан | 87 | 5 |
| Павлодар | 71 | 4 |
| Солтүстік Қазақстан | 70 | 4 |
| Шығыс Қазақстан | 77 | 4 |
| Алматы қаласы | 295 | 4 |
| Астана қаласы | 144 | 5 |
| Жиыны: | 1418 | 67 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 21 шілдедегі
N 985 қаулысына
2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.12.09. N* 1292 *қаулысымен*
.

**Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) , кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттері және аудан (облыстық маңызы бар қала) , кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі орынбасарларының шекті саны**

| Әкімшілік-аумақтық бірлік халқының саны (мың адам) | Әкімдер аппараттарының саны (бірлік) | оның ішінде әкім орынбасарлары (бірлік) |
|---|---|---|
| Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ | | |
| 1,5-ке дейін | 4-тен аспайды | |
| 1,5-тен 3-ке дейін | 4-5 | |
| 3-тен 5-ке дейін | 5-6 | |
| 5-тен 10-ға дейін | 6-8 | 1 |
| 10-нан 20-ға дейін | 8-10 | 1 |
| 20-дан астам | 10-12 | 1 |
| Аудандар | | |
| 50-ге дейін | 17 | 2 |
| 50-ден жоғары | 18-20 | 3 |
| Аудандық маңызы бар қалалар | | |
| 10-нан 20-ға дейін | 5 | 1 |
| 20-дан 50-ге дейін | 5-10 | 2 |
| Облыстық маңызы бар қала | | |
| 50-ден 100-ге дейін | 20-40 | 3 |
| 100-ден 500-ге дейін | 40-60 | 3 |
| 500-ден жоғары | 80-нен аспайды | 3 |

Аудан (аудандық, облыстық маңызы бар қала), республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан әкімі орынбасарларының шекті саны 3 бірліктен аспауы тиіс.

---

Ескерту: халықтың саны 0,5 мың адамнан аз болған жағдайда ауыл (село) әкімінің аппараты құрылмайды. Қалалар әкімдері аппараттарының саны осы

қалалық әкімшіліктің аумағындағы кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық ( селолық) округтер әкімдерінің аппараттары ескерілмей берілген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 21 шілдедегі
N 985 қаулысына
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің Тізбесі**

1. "Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1742 қаулысы .

2. "Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына қаражат жинауды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 840 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425 және 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1742 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 маусымдағы N 930 қаулысы .

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1742 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 қыркүйектегі N 1321 қаулысы.

5. "Ақмола қаласының мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 45 қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы 4-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасы ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 55, 616-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 шілдедегі N 421 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі N 567 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК